

## Мәдени мұра

Біздің Көрсен Едіге батыр туралы білетініміз бір-ақ тоғыз: жатқан жерің жайлы болғыр аруақты бабамыз атақты Көкбөрі Жарылғап пен Жидебай батырлардың тұстасы болған. Даланың ауызша тарихының айтуынша нәм қазақтың белгілі жазушысы Софы Сматаевтың жазуы бойынша («Елімай-ай» дилогиясы) даланың осы баһадүрлерімен тізе қосып, елін, жерін қалмақтан қорғап қалған аға батырлар санатынан екен. Яғни, ол кісі шамамен алғанда XVIII ғасырда өмір сүрсе керек. Бейіті Ақтоғай мен Жәмшінің арасында. Едіге батырдан қалған бізге белгілі жалғыз жәдігер оның кісесі. Кісе Киік аулында тұратын Стамқұллы Кәріғұлдың қолында.



Осы кісе жайындағы небір аңызға бергісіз әңгімелерді бұрындары да еститінбіз. Кісеге иелік еткен Стамқұл ақсақал да, баласы Кәріғұл да киелі жәдігерді бейсауат кісеге көрсете бермейді деген әңгімені де құлағымыз шалатын. Таяуда туған ауылға ат басын тіреген бір уақытта көруге ынтық болып жүрген кісені қолмен ұстап, көзбен көрудің сәті түсті. Оған себепші болған жанның бірі – С.Мұхамеджанов атындағы жергілікті мектеп директоры-

нындағы «Босаға» совхозының жылқысын баққан, атағы біздің атыраптан асып, ат аяғы жететін біраз жерге тараған ер мінезді кісі. Жас кезінде бұрынғы өткен батыр да тентек бабаларымыздан қалған барымта жолымен алыстан жылқы алып, басы дауға талай қалған тақымгердің өзі. Пошымы киіктің асығындай ғана осы Кәкеңнің қайыру бермейтін ту асауға бұғалық тастап, тақымға салып тартқанында шалқасынан түсіретінін ауыл жыр ғып айтады. Оны бала кезімізде өзіміз де талай көрдік те. Алпыс жасқа үзеңгі артқан Кәкең әңгімеге де қаражаю емес.



дейтіндей екінші бір жағаға көшіпті. Орта жолда көл үстінде қара дауыл тұрып, қалтылдаған қайықты толқыннан толқынға қаңбақша лақтырған. Жағадағы ел дүлей дауылдың бетін көріп, қайықтағылардың иманын әлдеқашан шығарып қойған екен. Мүрделерін жағаның қай тұсынан таптық екен деп қайғы жұтыпты.

Сөйтсе, дауыл құтырып, қайықты қақпақыл қыла бастағанда біздің шешеміз Құлжан осы кісені кеудесіне шандып байлап алыпты да, Едіге атамның аруағына сыйынып қайықтың үстіндегі қымбат дүниенің бәрін суға лақтыра берген. Содан, Едіге бабамыздың кісесінің киесі жебеп, шешеміз қара дауылды қақ жарып өтіп, жағаға аман-есен жеткен ғой. Жарықтық осыны өле-өлге-

де алдына келген адам баласының көңілін қалдырмайтын болған.

– Софы ағамыз осы кісені бір-екі мәрте сұраттырды, бермедім. Әкем: «Көзіңнің қарашығындай сақта», – деп мына Клараға (Үйдегі жеңгеміз, Кәкеңнің зайыбы -Қ.Ә.) табыстап кеткен. Едіге бабаларын желеп-жебеп жүреді деп отырушы еді, жарықтық, – дейді Кәріғұл ағамыз.

Кәріғұл ағамыздың үйінен шыққанда «Шіркін-ай, қазақтың талай үйіндегі сандықтың түбінде осындай ғасырлар сырын ішіне бүккен жәдігерлердің жатуы бек мүмкін-ау. Соларды бір адамның я болмаса бір рудың ғана қастерлеген заты етпей, барша халықтың ортақ игілігі қылып мұражайдың төріне қойса қайтеді?! Әлде, оның қисыны келмейтін гәбі



### ЭТНОГРАФТЫҢ ПІКІРІ

Төрехан МАЙБАС, ҚР Мәдениет қайраткері:

– Кеңес заманында тарихқа қатысты жәдігерлерді орталықтандыру жүйелі түрде жүргізілді. Атап айтқанда, облыс орталықтарындағы мұражайлар ел қолындағы әлгіндей жәдігерлерді ешқандай міндеттемесіз жинап алды. Бүгінде солардың өзі тұрсын, ізі де жоқ. Сондықтан да, ел мұражайларға деген сенімін жоғалтқан. Баға жетпес мүліктердің ұрпаққа мұра болып қаларына сенбейді. Содан барып әлгіндей жәдігерлер өркім-біркімдердің үйінде сақталады. Негізінен, бұл жәдігердің орны – төр, мұражайдың төрі.

Былай деп шертеді:

– Қаракесектің Кәрсенінен тарайтын Арал Ата (Аралбай) балаларының біразы отызыншы жылдары ойран салған аштық кезінде қазіргі атамекеннен ауа кешіп, сонау балығы тайдай тулаған Көкше теңізге (Балқаш көлі) келіп жан сақтаған. Сондай бір ел басына күн туған алмағайып заманда Аманбек қажының қызы Құлжан дейтін біздің шешеміз қара қайыққа жүк артып, елдің біразы жетіп алған жайлылау

нінше аузынан тастамай айтып жүрді. Айта берсе, адам нанғысыз осындай әңгімелер өте көп. Өкінішке қарай, ауылдың қара шалдары айтып отыратын осы әңгімелерге кезінде мән бермеліміз. Сонан кейін есімде қалғаны мынадай әңгіме: Білтай деген шешеміз толғақ қысып, бала туа алмай жаны мұрнының ұшына келгенде, сонау күндік жерден ат шаптырып, осы кісені алдырған. Кісені алып келгенде, бала шар етіп жерге түсіпті. Содан, «Қасиетіңнен айналайын!» деп кісенің бір шетін ырым қылып кесіп алған екен.

Жалпы, даланың заңы бойынша бұл кісе Едіге батырдың көнжесі, жазушы Софы Сматаевтың атасы Торайғырда қалу керек екен. Ал енді, кісенің Едігенің бір баласы Қуңбаста қалу себебі – ол кісі қолы шебер, кең пейілді адам болса керек. Қуңбасқа тері илетуге келген кісілер таңертең тұрғанында төсегінің астынан шүберектей болып иленген теріні тауып алады екен. Тері илеуге келгенде ол кісеге ешкім тең келмеген ғой. Және

бар ма?» деген ой келді. Есіме елге сыйлы этнограф-жазушы ағамыздың айтқаны түсті: Кеңес заманында атағынан ат үркетін археолог-ғалымдарымыз осы Орталық Қазақстан өңіріндегі талай қорымды аршып, ішіндегі құнды заттарды алып кеткен. Тіпті, сол аруақтардың бетін ашық күйінде қалдырып кеткен. Ел аралап жүріп небір баға жетпес жәдігерлерді жинап алған. Қазір солардың қайда кеткенін жан баласы білмейді екен. Жанды ауыртып, жүректі сыздатар осындай әңгімелерден кейін тарихи құнды жәдігерді көздің қарашығындай сақтап келе жатқан Едіге балаларына Алла разы болсын дейміз-дағы... Ал енді, ұзын сөздің қысқасы, киелі кісенің орны Кәріғұлдың үйіндегі сандықтың түбі ме, жоқ әлде тұтас ұлттың ортақ мұра-

### МАМАННЫҢ ПІКІРІ

Түлкібай ТӨЛЕУОВ, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау инспекциясының бастығы:

Үш ғасырлық тарихы бар жәдігерлер өте құнды дүниелер қатарына жатады. Мұндай жәдігерлердің мұражайда тұрғаны өте жақсы болар еді. Бірақ, бұл шаруа мұраның заңды иесі – жеке адамның таза өз ықтиярымен іске асырылады. Одан біз «өткіз», деп талап ете алмаймыз. Егер де, кімде-кім қолындағы жәдігерді мұражайға өткізгісі келсе, ондағы арнайы комиссияның құрамындағы мамандардың назарына ұсынады. Барлық мәселенің анық-қанығын солар айтады. Жәдігер заңды түрде тіркеледі, оның нақты бағасы анықталады.

ның тәрбие жөніндегі орынбасары Бақыт Әлханұлы деген тарихи деректерді там-тұмдап жинап жүрген азамат еді.

Үш ғасырға жуық тарихы бар, ел киелі деп қастерлеген жәдігер өгіздің талыс терісінен дөңгелектің жартысындай пошында жасалған. Кісе жаппасының дәл ортасында, сонан соң жиегін жағалай алты жерден (біреуі терісімен қосып кесіп алынған) сары жезді оюлап тұрып әшекей соққан. Хас шебердің қолынан шыққан дүние екендігі керініп-ақ тұр. Асынатын бауы жоғалған, оған кейіндері қайыстан жасалған «заводской» таспа тағылыпты.

Кісе Кәріғұл ағамыздың үйінде ақ кездемеге оралған бетінде сандықта сақтаулы екен. Атадан балаға мұра болып келе жатқан кісенің қолдан қолға өткен тарихы былайша түзіледі: Едіге – Қуңбас – Түкібай – Стамқұл, одан кейінгі мұрагер осы 97 жасында дүниеден озған қара шалдың баласы Кәріғұл. Әкенің құрығын ұстап қалған Кәріғұл ағамыз ұзақ жыл бұрынғы Ақадыр ауда-



### ҒАЛЫМНЫҢ ПІКІРІ

Сағымбай Жұмағұлов, ҚарМУ-дың доценті:

– Жалпы, ата-бабаларымыздың қасиетті мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде қандағы бар ілкі қасиетті бүгіндері қарияларымыз сақтап жүр. Біз осындай мұраны сақтап келе жатқан Кәріғұл сияқты ағаларымызға алғыс айтуымыз керек. Әлі талай ұрпақ ауысады. Сол ұрпақтың бойында бүгінгі қасиет өз биігінде болар ма екен? Сондықтан, мұндай құнды жәдігер өркеніет үрдісіне сай тұтас ұлттың игілігіне жарауы қажет. Өйткені, оның киесі де, иесі де халық. Сосын, осы мұраларды қалтасы қалың, көлденең көк аттының қанжығасында кетпеуін де ойлауымыз керек.

сы есебінде жалпақ жұртқа есігі айқара ашық мұражайдың төрі ме?

Қайрат ӘБІЛДИНОВ.

Киік аулы, ШЕТ ауданы.

СУРЕТТЕ: Едігенің кісесі; Кісенің заңды иегері К.Стамқұллы.

Суреттерді түсірген автор.